



РУХАНИ
ЖАҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

арқылы көрсеткен. Дастархан көбіне дөңгелек формалы болып келеді, ол – адамдарды дастархан басына жинап, бірлікке, кеңпейілділікке шақыруды білдіреді. Осы тақырыпқа байланысты С.Айтпаевтің “Қонақ келді” (1969), А.Ғалымбаеваның “Дастархан” (Бейбітшілік триптихінің оң жақ бөлігі, 1975) және т.б. суретшілердің шығармаларын атап айтуға болады.

Түркі халықтарындағы әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің түпкі маңызды буындарының бірі, өмірлік принцип ретінде танылған басты қағида – ұрпақтар сабақтастығы екендігі белгілі. Қазақ дүниетанымында ұрпақсыздық қайғысы терең өмірмәнділік нұсқаны белгілейді. Сондықтан, халқымыз ұрпақтардың алмасуына аса маңыз берген. Мәселен, Қ.Телжановтың «Бесік жыры» туындысында осы мәселенің байырғы архетиптік үрдісі анық байқалады. Яғни өзінің ұрпақ табу қызметін тоқтатқан ана, ұрпақ қалдыруға бағдарланған «нәресте ана» мен оның ұрпағының символдық түрі – «қуыршақ»: уақыт бойынша анықталған «өткен – бүгін – келешек» үштігінің нышанын білдіретін терең мазмұн және бейсаналы құрылымның нәтижесі болып табылады. Қазақ халқының таным түсінігіндегі ұрпақтар сабақтастығы қағидасын қайталап, оны адамзатқа міндеттегендей әсер қалдырады. Тұрмыс-тіршілікке, эстетикалық талғамға, көркемдік танымға

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сабит М. Қазақ ұлттық мәдениеті мен мемлекетінің тұтастығы // Ұлттық мәдениет: дәстүр мен қазіргі уақыт. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 208б.-4-6 бб.
2. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы.-Алматы: Қазақ университеті, 1993.-56 бет
3. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2003 ж. -240 бет
4. Көркем өнердегі әмбебаптылық // ХХІ ғасырдағы жоғары білім мен ғылымның өзекті мәселелері: Қарағандының мемлекеттік Е.А. Бөкетов атындағы университетінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми – практикалық конференция: 2 - бөлім. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002. - 349-352бб.
5. Бейнелеу өнері архетиптеріндегі әмбебап және этникалық сипат // Хабаршы=Вестник. «Көркемөнерден білім беру: өнер, теориясы, әдістемесі» сериясы. – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2002.-№1 (1). - 66-72бб.

УДК 902/904

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ТАРАЗ ҚАЛАШЫҒЫНАН ТАБЫЛҒАН СФЕРОКОНУСТАР

Қамбарова Гүлмарал

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Үмітқалиев Ұ.Ұ.

Бұл мақалада IX-XV ғасырда Евразия даласында пайдаланылған мұсылман әлеміне тиесілі қыш ыдыстардың ішіндегі әлі күнге дейін зерттеушілерге сыры толыққанды ашыла қоймаған, алайда пішініне байланысты қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде сфероконус деп аталып жүрген бірегей қыш ыдыстарды қарастырамыз. Ортағасырлық қалалардың мәдениетін зерттеп жүрген археологтарға бұл ыдыс таңсық емес, себебі әрбір қалашықты қазған кезде осы қыш ыдыс түрінің табылуы қалыпты жағдай. Дегенмен, ыдыстың өзіндік пішіні, тастай қатты болып жасалуы және сыртқы өрнектерінің көз жауын алардай әсемдігі XIX-XX ғасырдан бері зерттеушілердің қызығушылығын арттырып келеді. Сфероконустар туралы түрлі көзқарастар бар және қандай мақсатта қолданғандығы туралы түрлі деректер кездеседі. Ыдыс шарықта

жасалады. Олардың түстерінің біркелкі болмауы балшақтың құрамы мен пеште күйдірілген уақытына байланысты түрленеді. Ыдыстың басым көпшілігінің басы саңырауқұлақ пішінді және қақ ортасында кішкене саңылауы бар, мойны қысқа әрі тар және бүйірі бірден шар тәрізді болып келіп түбіне қарай сүйірленген. Түбінің сүйірлігіне байланысты ыдыс үнемі жантайып жатады. Ыдысты қалай қойған немесе алып жүрген деген сұраққа жауап издесек. Ыдыстың мойнына қарасақ бау байлауға, ал түбінің сүйірлігіне қарасақ ыдысты қоятын арнайы қойғышы болған деген тұжырымды растасақ болады. Сфероконустағы сұйықтық төгілмеу үшін аузын тығындауға ағашты пайдалануы мүмкін деген ой түйеміз. Себебі әлі күнге дейін тығындары табылмады. Осы тақырыпта қалам тартқан зерттеушілердің еңбектеріне үңілсек, олардың пікірінше сфероконустар Орталық Азия аумағында пайда болып, Закавказье жері мен Шығыс Еуропада б.д. IX ғасырда, Орталық Азияда IX-XV ғасырда, Әзербайжан жерінде IX-XIII ғасырда, XIII ғасырдан бастап Солтүстік Кавказда, X-XIII ғасырда Поволжье жерінде кеңінен таралғандеген қортынды жасалған [1].

Сфероконусты Ортағасырда қандай мақсатта пайдаланғандығы туралы зерттеушілердің жазған көптеген нұсқалары бар. Мысалға жарылғыш зат ретінде пайдаланды деп болжағандар: (М.Ф де Сольси, П.Пентц, В.Вяткин, А.В.Арциховский, Л.Дмитрев және тағы басқалар) болса; шам дегендер (А.Ф.Лихачев, В.А.Городцов) болды; архитектуралық безендіру үшін деген ойды (В.А.Казаринов) жазды; алхимиялық ыдыс деп зерделегендер (Р.М.Джанполадян, М.Аминжанова, С.И.Валиулина) болды; сұйықтық құюға арналған дегендерден: сынап үшін (Э.Ленц, Б.В.Лунин, М.В.Борзов, А.А.Кротков), су үшін (З.З.Виноградов), ащы су үшін пайдаланды дегендерден (Л.Т.Гюзальян, А.Гочани и К.Эйдл) иіс су үшін (Н.Я.Марр, Э.К.Кверфельдт) болды [2]. Бұл ыдысты медициналық дәрі-дәрмекті сақтауға пайдаланды деген тұжырымдар да жеткілікті. Ыдыстың қолдану аясы туралы ой өте ауқымы екенін мына тұжырымдар дәлелдеп бергендей. Орталық Азияның алғашқы археологы А.Е.Массонның айтуынша Орталық Азияда сынапты тасымалдау үшін, сақтау үшін қыш ыдысты «симаб-кузача» пайдаланған. «Сынапты парсы тілінде симаб» деп атайды [3]. Симабкузача-сынап ыдысы, «сим»-сынап деген сөз; «об»-су деген сөз; екеуі бірігіп «сынап суы және кузача» -деген сөз қыш ыдысы деген мағынаны береді.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында Соғды, Шаш, Хорасан, Оңтүстік Қазақстан жерлеріндегі пеш орндарының анықталуы және жарамсыз қыш үйінділеріне зерттеулер жүргізу арқылы, X ғасырдан бастап сфероконустарды жасағаны белгілі болды. Кейінірек (X-XV ғасырда) яғни 500 жыл бойы көзеші шеберлер ыдыстың пішіні мен өрнегін әрі қарай дамытып түрлендірді [4]. Негізінде әр жерден табылған сфероконустардың түсі әр алуан болып келеді, оның себебі балшықтың құрамы мен пештегі қызу уақыты мен температурасына да байланысты. Орта ғасырдағы қыш ыдыстардың төзімділігін арттыру үшін көзешілер арнайы – клинкерлі күйдіруді ойлап тапты. Клинкерлі күйдіру 200 ден 300 сағатты қажет етті. Сфероконусты 1000 градуста пеште күйдірген кезде оның түсі күрең-қоңыр және қоңыр-қызыл түске өзгереді [5]. Поволжье жерінен табылған сфероконустардың қызыл және қара түстілері де кездескен. Орталық Азия жерінен табылатын сфероконустардың басым көпшілігі сары-сұр және жасыл-сұр түсті және сырты өрнектелген болып келеді. Ыдысқа қарапайым және күрделі өрнек түрлері енгізілген. Ол үшін жапсырмалар жапсырған, қалыптама, баспа өрнек, қатты затпен батыру, сызу, бармақпен басу, қысу және тағы басқа құралдарды қолдану арқылы сәндеген. Ыдысқа баспа өрнек салу үшін диаметрі әр түрлі және жиегі тісті түтікшені қолданған. Ең көп таралған өрнектің түрі үшкір затпен сызу және тарақ тісті құралды басып өрнектеу болды. Ол үшін (пышақтың ұшын, үшкірленген ағашты немесе сүйекті) қолданған.

З.С.Ғалиева Орталық Азиядағы сфероконусты ыдыстың пішінінің даму тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырған.

1 кезең. X-XI ғғ. Сфероконустың (классикалық) түрі қалыптасты. Бұл пішіндегі ыдыс Орталық Азияда ең көп таралған және 15 ғ дейін қолданыста болған.

2 кезең. XI-XII ғғ. Екінші кезеңде сфероконустың тамшы тәрізді жаңа формасы пайда болды.

3 кезең. XII-XIII ғғ. Үшінші кезеңде ыдыс тамшы тәрізді формаға ие болды, ыдыстың мойны тарылып иығы сатылы болып келеді. Ыдысты өрнетеуде жапсырманың түрлі түрлерін жапсырды.


4 кезең. XIII-XIV ғғ. Төртінші кезеңдегі ыдыстың иығы сатылы немесе көпсатылы деп бөледі [6].

Осы жоғарыда айтылған төрт кезеңге жататын сфероконустар Таразда көптеп табылған. Алайда төрт кезеңнен тыс сипаттағы сфероконустар да жеткілікті.


Жетісу аймағындағы Тараз қаласына жүргізілген зерттеу жұмыстарына тоқталсақ, 1940 жылы Г.И. Пацевич ежелгі Тараз орнына қазба жүргізу барысында құрылыс ішінен күйдіруде өте жоғары температураны талап ететін кішігірім ыдыстарды немесе сфероконустарды күйдіретін, XI–XII ғғ. жататын пештің орнын ашқандығы белгілі [7]. Т.Н. Сенигова Ортағасырлық Тараз қаласынан табылған сфероконустарды пішіндік тұрқына қарай екі топқа: үлкен және кіші деп бөліп, оларды X–XII ғғ деп мерзімдейді [8]. Сфероконустағы өрнектің басым көпшілігі: бүйіріне сызылған шеңберлерден, горизонтальді сызықтардан және өсімдікке тән баспа өрнектерден тұрады деген. Сонымен қатар балық түпті сфероконустардың да табылғандығын жазды.

Ортағасырда қыш ыдыстардың өндірісі өте жоғарғы деңгейде болғандығын, пеш орындары, тонналап табылған қыш сынықтар мен мындаған қыш ыдыстар дәлел бола алады. Ежелгі Тараз қаласының орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында Қараханид кезеңіне X–XII ғасырға тән Ортағасырлық Тараз қалашығынан да сфероконустар көптеп кездесті. Қазба барысында табылған ыдыстардың түсі сұр, жасыл-сұр, сары-сұр, көкшіл-сұр, қоңыр түсте болды. Табылған сфероконустардың арасынан деформацияға ұшырағандары жиі кездесті. Оның себебі пештегі күйге байланысты болған. Табылған сфероконустардың пішіні, өрнектері мен көлемі сан түрлі. Дегенмен, Орталық Азиядағы ең көп кездесетін сфероконусты ыдыстардың түрлерін З.С.Ғалиева ажыратқанындай, X–XI ғасырға тән ыдыстың классикалық түрі Ежелгі Тараз орнынан көптеп табылды (1-сурет). Қабырғасы сфера тәрізді, цилиндр тәрізді, жұмыртқа тәрізді пішіндегі сфероконустар ортағасырлық қалашықтарда жиі кездеседі және XV ғасырға дейін қолданыста болған. Таразда табылған классикалық түрге тән сфероконустарда бедерленген өрнектерге тоқталсақ. Ең қарапайым өрнек түрі көлденең сызықтар ыдыстың мойнына, бүйіріне, түп жағында бедерленіп бірнеше қатардан тұрады және тереңдігі әр түрлі болып келеді (2-сурет). Өрнектің келесі түрі шеңберлер. Бұл шеңберлер ыдыстың бүйір қабырғасында орналасады және олардың да шеңбер саны мен тереңдігі әр түрлі. Шеңберлер бір-біріне қарама-қарсы бағытта салынған екі немесе төрт шеңберден тұрады. Тіпті кішкентай шеңберлер кейде алтауға дейін жетеді (3-сурет). Өрнектің келесі түрі ыдыстың мойнына немесе бүйір қабырғаларында түтікшелер арқылы салынған баспа өрнектер. Оған түтікше арқылы басылған нүктеленген және нүктеленбеген сақина тәрізді домалақ және жартылай домалақ, күн тәрізді баспа өрнектер жатады. Ортасында өсімдік өрнегі бар баспа өрнектер де жиі кездеседі (4-сурет). Сонымен қатар тарақ тісті түтікшені қиғаштап және әр түрлі басып, шырша тәрізді етіп те сәндеген. Тіпті бұл пішіндегі сфероконустарда өрнектелмегендері де жиі кездеседі.

1-кесте.



XI-XII ғасырғатән сфероконустың жаңа формасы тамшы тәрізді пішіндегі ыдыстар да табылды. Бұл пішіндегі сфероконустар еш өрнектелмеген және түгелдей көлденең сызықтармен өрнектелген түрлері де кездесті. Сонымен қатар ыдыстың иығы қиғаш жолақтар арқылы өрнектеген (5-сурет). XII-XIII ғасырғатән сфероконустарды өрнектеуге жапсырмалар жапсырған (6-сурет). Бұл кезеңдегі ыдыс үлкен және көлемді цилиндрлік пішінде де болды. Ыдыстың иықтары мен қабырғалары баспа өрнектер мен ұзын және жалпақ шағын жапсырмалармен өте бай өрнектелген. Иығында жапырақ тәрізді баспа өрнектермен қоса өрнектелген. Бүйіріне жапсырылған жапсырмасы сегіз жапсырмаға дейін жететіндері де бар. Сонымен қатар басқа сфероконустардың қабырғасы бармақпен басу арқылы ерекше өрнектелген (7-сурет). 2-кесте.



Балық түпті сфероконустарға тоқталсақ. Балық түпті бұл ыдыс мойнынан түбіне дейін бір-біріне қарама-қарсы бағытта қысқа сопақша өрнек тізбектеле жүргізілген. Бұл сфероконустың басы әдеттегідей саңырауқұлаққа емес жалпақ дискке ұқсаған. Балық түпті ыдыстың түсі ерекше сарғыш-қоңыр және еш өрнектелмеген. Келесі сфероконустың пішіні ерекше себебі оның түбі жалпақ. Осы пішінді ыдыстар көлденең сызықтармен және бүйірі қандай да бір баспаның көмегімен тізбектеле басылған және өрнектелмегендері де кездеседі.

Ежелгі Тараз қаласының орнындағы монша маңынан жиі табылған сфероконустар мына ғалымның сөзін растағандай. Али Абу Ибн Сина “Дәстүрлі медицина ғылымы” еңбегінде арнайы ыдысқа құйылған дәрі мен майды алып моншаға барып емделуді ұсынған [9]. Соған қарағанда бұл сфероконусты ыдысқа жұпар иісті майлар мен дәрілер құйып моншаға емделуге

барған деген тұжырымға тоқталуға болады. Ал басқа деректерде бұл ыдыстың ішінен сынап ертіндісі мен мұнай болғандығы расталған. Сонымен, өзі шағын әрі әдемі бұл ерекше ыдыс Орталық Азияның Ортағасырлық Тараз қаласынан да табылуы қаланың барлық елдермен тығыз қарым-қатынаста болғандығын және ыдысты дайындаған пеш орындарын ескеріп, шеберлердің еңбегінің зор екенін және қала өркениетінің жоғары деңгейге көтерілгендігін айта аламыз. Сонымен қортындылай келе сфероконусты сұйықтыққа яғни, иіс су, дәрі-дәрмек, сынап пен химиялық ертінділерге қолданған деген тұжырымға тоқталуға болады. Ыдыс сұйықтық сақтауға және тасымалдауға өте ыңғайлы жасалған. Ал ыдыс сыртындағы әсем өрнектертер эстетикалық әдемілік пен тұтынушылардың тауар сұранысына ие болуы үшін сәнделген деген ойға тоқталамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сычев.Н.П.,1947,с.70-73;Хованская.О.С.,1954,с344,359;Ахмедов Г.М.1959,с 222; Михальченко С.Е.,1974,с46; Ртвеладзе Э.В.,1974,с 280; Хлебникова Т.А., 1988, с 92-93.
2. Нуретдинова.А.Р.Сфероконические сосуды проблема атрибуции. // Учен.зап.Казан.ун-та.Сер.Гуманит.Науки.2011.т.153.кн.3.-С.51-62.
3. Лунин Б.В. К вопросу о назначении сфероконических сосудов в связи с одним рукописным источником XVI века // ИМКУ. – Ташкент, 1961. – Вып.2. – С. 255-266.
4. Вактурская.Н.Б., 1959, с.313-314; Альбаум Л.И.,1969, с 256-260; Аттагарриев Е., 1971, С.155-157; Сенигова Т.А., 1972, с.42; Абдуллаев К.А., 1975, С.71; Лунина С.Б., 1978,С.127-130; Брусенко Л.Г.,Галиева З.С., 1982; Шишкина Г.В.,1986, С.26
5. Соколов Я.А., 1949,С. 13-14,24.
7. Галиева.З.С.Сфероконические сосуды Средней Азии: к вопросу о типологии и хронологии. 7. Пацевич Г.И. Раскопки на территории древнего города Тараза в 1940 году //Труды ИИАЭ. –Том I. Археология. –Алма-Ата, 1956. – С. 76-80.
8. Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука,1972.– С. 153, таб., 52-65.
9. Абу Али Ибн Сина, 1954, с.196-320.

ӘОЖ 94(524)

РУХАНИ ҚАЗЫНА - ӘСКЕРИ ӨНЕРДІҢ ШЕБЕРЛІГІН ЖАҢҒЫРТУ

Қарабала Салтанат Ерғалиқызы

salta_96@inbox.ru

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, «Тарих» - 4 курс студенті.

Петропавл қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Бимаканова З. Ш.

Рухани тұтастық ХХІ ғасырда отандастарымыздың азаматтық және патриоттық бірлігін толықтырушы, мемлекет елдігін нығайтушы, қоғамды біріктіруші негізгі тұтқа болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанның білім саласында этномәдениет, жас ұрпаққа білім беру және тәрбиелеудегі ұлттық салт дәстүр ерекше қызығушылық тудырып отыр. Жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру кез келген халықтың ұлтты мәдени дәстүріне тән тәрбиелеудің әдістері арқылы жүзеге асады. Сол себепті, қазіргі заман жағдайындағы тәрбиелеудің ең басты міндеттері адамды рухани адамгершілік негізде тәрбиелеп, ұлттық дәстүрі мен идеалдары ескерілген этникалық нормаларды дамыту; жалпыадамзаттық және ұлттық түсініктерінің өзара байланысын бейнелейтін дүниетанымды қалыптастыру; халықтың сана сезімі мен ұлтаралық қатынасты тәрбиелеу болып табылады.